

Тасарал селолық округіндегі көшелерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Тасарал селолық округі әкімінің 2010 жылғы 11 наурыздағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 сәуірде N 8-10-113 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы " Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық – географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Тасарал селолық округі тұрғындарының 2008 жылғы 04 маусымындағы N 3 , 4, 5, 6 жиналыс хаттамаларына және Ақтоғай ауданының әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссиясының 2008 жылғы 26 маусымдағы N 188/1-9 ұйғарымына сәйкес Тасарал селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Молодежная көшесі - Жастар көшесі деп;
Центральная көшесі – Орталық көшесі деп;
Набережная көшесі – Жағалау көшесі деп;
Школьная көшесі – Ағыбай батыр көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тасарал селолық округінің әкімі *А. Бейсекеев*